

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қайта құрылымдауды жүзеге асырған екінші деңгейдегі банктерді одан әрі дамыту мәселесі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасына (бұдан әрі – Заң жобасы)

Баяндама

Құрметті Гүлжан Жанпейісқызы!

Құрметті депутаттар!

1- Слайд

Министрлік екінші деңгейдегі банктерді қайта құрылымдау процесін реттейтін заңнамалық базаны жетілдіруге бағытталған Заң жобасын әзірледі.

2- Слайд

Заң жобасын әзірлеу барысында біз заңнамалық базада кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берген жетекші елдердің халықаралық тәжірибесін зерделедік. Осыған байланысты, мынадай заңдарға өзгерістер енгізу ұсынылады:

- «Акционерлік қоғамдар туралы»;
- «Банктер және банк қызметі туралы»;
- «Бағалы қағаздар рыногы туралы».

3- Слайд

Біріктіру туралы шарт

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында банктерді біріктіру туралы шартқа кім қол қоюға тиістігі қарастырылмаған: **Акционерлер** немесе **Банк Басқармасы**.

Осы норманы анықтау үшін, «Банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында банктерді, Банк Басқармасына біріктіру туралы шартқа қол қоюға құқық беру ұсынылады.

Біріктіру үшін акциялардың бағасы

Банктерді біріктіру кезінде акциялардың құнын бағалаудың қазіргі әдісі активтердің өлшемі, нарық үлесі, орташа мерзімді динамика, брэнд және т.б. сияқты факторлар ескерілмейді.

Осыған байланысты, «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Банктер және банк қызметі туралы» ҚР заңдарында акцияларды айырбастаған кезде банктерді нарықтық бағалау әдістері бойынша бағалау ұсынылады.

4- Слайд

Қарсы бұйрықтар

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР-ның заңында біріктіру мәмілесін тіркеу кезінде банктер акционерлері қол қойған қарсы бұйрықтарды ұсыну көзделген.

Осыған байланысты, акционерлер саны көп банктерді қайта құрылымдау кезінде бағалы қағаздары бар мәмілені тіркеу тәртібін ықшамдау ұсынылады.

Акциялар сатып алуға тыйым салу

«Банктер және банк қызметі туралы» Заңда акциялар сатып алуға және басқа банктердің акцияларын иеленуге тыйым салынады. Банктерді біріктіру акциялардың өзара сатып алынуы арқылы ресімделетінін ескере отырып, банктерді біріктіру кезінде осы шектеулерді алып тастау ұсынылады.

5- Слайд

Акционерлердің жалпы жиналысында мақұлдау

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда банктерді біріктіру туралы шешім акционерлердің көпшілік дауысымен қабылданады. Бұл ретте, Заңның басқа нормалары акционерлердің шешімі дауыс беру акцияларының көпшілігімен қабылданатынын болжайды.

Осыған байланысты, Заңда біріктіру бойынша шешім акциялардың көпшілік дауысымен қабылданатынын нақтылау ұсынылады.

Бағалы қағаздарды шет мемлекеттің аумағында орналастыру

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңына сәйкес банктерді біріктірген кезде шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздарды орналастыру және уәкілетті органда мәмілені тіркеу рәсімінен өткізу қажет (Ұлттық Банк).

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» ҚР Заңында шет мемлекеттің аумағында бағалы қағаздардың орналастыруын қайта рәсімдеуді

оңтайландыру мақсатында, бағалы қағаздар шығарған кезде тіркеудің жүзеге асырылуы туралы талаптарды алып тастау көзделген.

Қолдауыңызды сұраймын.